



Kaspi Bank
арқылы жазылу

КАСПИЙДІҢ КЕЛЕШЕГІ ҮШІН



МАҢҒЫСТАУДА АЛҒАШ РЕТ «CASPIAN SEA ACTION WEEK – 2026» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК АПТАЛЫҒЫ ӨТІП ЖАТЫР. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ЖАРИЯЛАНҒАН ТҰРАҚТЫ ДАМУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ІС-ШАРА 6–12 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНА ЖОСПАРЛАНҒАН. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМА КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЖҮЙЕСІН САҚТАУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫ КӨЗДЕЙДІ.



✍ **Әсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА**

АУҚЫМДЫ АПТАЛЫҚТЫҢ АШЫЛУЫ ӨТТІ

Іс-шараның ашылуына Каспий теңізі арқылы шектесетін Әзірбайжан, Ресей Федерациясы, Иран және Түрікменстан елдерінен келген делегациямен қатар, көршілес Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан елінен келген өкілдер, амбассадорлар ретінде белгілі блогер Омер Алиев, Азамат Сәрсенбаев және эко-ерікті Данияр Әкімжанов және мемлекеттік органдардың, халықаралық экологиялық ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығының және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Каспийдің табиғи байлығын болашақ ұрпаққа аман жеткізу жолындағы еңбегіміз нәтижелі болсын, – деді Нұрдаулет Қиыбай.

Апталық аясында Маңғыстау облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаментінің басшысы Ерболат Балғабаевтың бастамасымен Каспий теңізін қорғауға бағытталған жаңа еріктілер қозғалысының жұмысы ресми түрде бастау алды. Кеш барысында танымал эко-ерікті әрі блогер Қанат Әбдиев табиғатты қорғау мен экологиялық жауапкершілікті арттырудың маңызына тоқталды. Сонымен қатар Баку қаласы әкімдігі өкілінің, Иран Ислам Республикасы өкілінің, Астрахань қаласынан Э.Бурдоновтың, Түрікменстан өкілінің және Тегеран

ты әлі де көптеген мәселелер бар екені баршамызға белгілі. Сол сын-қатерлерді естен шығармауымыз керек. Климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрліліктің нашарлауы, теңіздің тартылуы мен жағалау сызығының шегінуі экономикаға, жағалауларға, мемлекеттерге және Каспий бойын мекендейтін халықтарға үлкен қиындықтар туғызып отыр. Осындай мәселелерді талқылау үшін теңіздің әсем жағалауында барлығымыздың басымызды қосып, осы салтанатты іс-шараны ұйымдастырған Маңғыстау облысының әкімдігіне, Ақтау қаласының басшылығына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ризашылығымызды білдіремін, – деді ол.

Бүгінде Қазақстандағы волонтерлік қозғалыс қарқынды дамып жатыр. Мемлекет бұл қозғалыстың маңызын мойындай отырып, оны қолдауға қажетті жағдайлар жасап отыр. Мысалы, ұлттық және өңірлік стратегияларда білім беру бағдарламалары, гранттық конкурстар, әдістемелік қолдау және волонтерлік бастамаларды үйлестіруге арналған инфрақұрылым қарастырылған.

– Каспий теңізі – мемлекеттердің ортақ табиғи байлығы. Оны сақтау мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, ғылыми қауымдастықтың, бизнестің және азаматтық қоғамның күш-жігерін біріктіруді талап етеді. Сондықтан бүгінгі алаңның маңызы ерекше.



Салтанатты рәсімде Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қиыбай Каспий теңізін қорғау өңірлер мен мемлекеттердің ортақ жауапкершілігі екенін ерекше атап өтті.

– Тарихтың талай белесіне куә болған қарт Каспий ғасырлар бойы халықтарды жақындастырып, жағалауын жайлаған елдерді достық пен ынтымаққа үндеп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2026 жылдың Халықаралық волонтерлер жылы болып жариялануы – еріктілер қозғалысына берілген үлкен қолдау. Бүгінгі іс-шара – осының нақты көрінісі. Каспий – бәрімізге ортақ қазына. Оны қорғау – келер ұрпақ алдындағы ортақ парызымыз. Ортақ игі бастамаларымыз жемісті болып,

конвенциясының уақытша хатшылығының үйлестірушісі Махир Алиев апталықтың ашылуымен құттықтады.

– Бүгінгі іс-шара Каспий теңізін қорғау жөніндегі негіздемелік Тегеран конвенциясының күшіне енгеніне 20 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отыр. Өткен 20 жылға көз жүгіртсек, ауқымды жұмыстардың атқарылғанын көруге болады. Мұнымен бәріміз мақтана аламыз. Құқықтық негіздер қаланды, ғылыми зерттеулер жүргізіліп, деректер жиналды, бір-бірімізді жақсырақ түсінуге және ынтымақтастықты нығайтуға көмектесетін саясат әзірленді. Бүгінгі таңда бізге осы ынтымақтастық бұрынғыдан да аса қажет. Каспий теңізіне қатыс-

Осы апталықтың нәтижесі жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыруға, серіктестікті нығайтуға және Каспий теңізінің бірегей экожүйесін сақтауға бағытталған жаңа шешімдерді әзірлеуге негіз болады деп сенемін. Волонтерлік қозғалысты дамытуға және қоршаған ортаны қорғауға қосып жүрген үлесіңіз үшін баршамызға шынайы алғысымызды айтамыз. Жемісті жұмыс, мазмұнды пікірталастар, жаңа серіктестік байланыстар және бірлескен бастамалардың табысты жүзеге асырылуын тілейміз, – деді өз сөзінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі Қайрат Қамбаров.

(Жалғасы 5-бетте)

САЙЛАУ НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ



23 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ. ЕЛІМІЗДЕ ОСЫНАУ МАҢЫЗДЫ САЯСИ НАУҚАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ЖАТЫР. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ 2026 ЖЫЛҒЫ 23 ТАМЫЗДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕҢЕС ӨТТІ. ЖИЫНҒА ҚР ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ НҰРЛАН ӘБДІРОВ ПЕН ОСК ХАТШЫСЫ ШАВХАТ ӨТЕМІСОВ ҚАТЫСЫП, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АСХАТ ОРАЛОВПЕН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.

✍ **Ханым ҚҰАТ**

Келелі кеңесте алғашқы сөз тізгінін алған ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Мәжитұлы алдағы науқан дайындығына тоқталды:

– Елімізде Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық қызу жүріп жатыр. ҚР Орталық сайлау комиссия мүшелері болып, 4 тамыздан бастап 17 тамызға дейін елдегі барлық 20 өңірге шығып, әрбір өңірдегі сайлау комиссияларының, сайлау учаскелерінің науқанға дайындығын тексеріп қарауды көздедік.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ**